ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 31 қазан Іс №1513-23-00-2/1948 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы А.М.Баекенова отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Анастасия Юрьевна Гальцова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2.тұрақсыздықты өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Ж.Ғ.Байманов
жауапкер өкілі Р.В.Литвинец
аудармашы А.Р.Медетова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында 2023 жылдың 27 маусымда №75 санды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

Шарт бойынша жауапкер шарт күшіне енген кезден бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жалпы сомасы 75 040.00 теңгеге қызмет көрсетуге міндеттенген.

Әлеуетті өнім беруші жауапкер 2023 жылдың 10 шілдеде тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес көгалға шапқыш триммер жолдаған.

Тапсырыс беруші тауарды қабылдау барысында техникалық мінездемеге сәйкес келмейтінін және тауардың сәйкестік сертификаты жарамсыз екенін анықтап, жауапкерге 2023 жылдың 18 шілдесінде мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы сәйкессіздік актісі мен тауарды ауыстыру, жеткізу және қажетті құжаттарды 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізу туралы хабарлама жолдаған. Жауапкер аталған хабарламаны елемей, салдарынан тауар ауыстырылмай мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптары тиісті түрде орындалмаған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкерден 1500 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер талап қоюға қарсы пікір ұсынбады.

Талап қоюшы сот отырысында талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талап қоюды мойындамай, мемлекеттік сатып алу шартына сәйкес міндеттерді орындағанын алға тартып, алайда тапсырыс беруші белгісіз себептермен ұсынған тауарды қабылдамай отырғанын көрсетіп, талап қоюдағы тұрақсыздық айыбын мойындамайтынын көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 06.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 08.12.2023, судья Кустанов Р. Б., 12.12.2023
1513-23-3-1/2239

алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер шарттық міндетін орындамаған.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7 бөлімінің 7.3 тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 06.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 08.12.2023, судья Кустанов Р. Б., 12.12.2023

АПК-нің 225-бабының 2 бөлігіне сәйкес (әрі қарай–АПК) сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Талап қоюшы ұсынған 2023 жылғы 13 шілдеден 02 тамызы аралығында (75040.00 теңге х 0,1% х 20 күн) тұрақсыздық айыбының мөлшерін 1500 теңгені сот дұрыс деп санайды.

Бұл ретте, талап қоюшының жауапкерден мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 109-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Анастасия Юрьевна Гальцова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Анастасия Юрьевна Гальцовадан мемлекет пайдасына 1500 (бір мың бес жүз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер Анастасия Юрьевна Гальцовадан жергілікті бюджетке 1770 (бір мың жеті жүз жетпіс) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімшге Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төрттінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 06.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 08.12.2023, судья Кустанов Р. Б., 12.12.2023

1513-23-3-1/2239